

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

20.09.2023 ж. жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары  
Р. В. Склярға

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Роман Васильевич!

Халық елдегі коммуналдық қалдықтардың қазіргі жағдайына қатысты мәселелерді жиі көтеріп отыратыны өздеріңізге де белгілі.

2023-2027 жылдарға «Халықпен бірге!» «АМАНАТ» партиясының бағдарламасында экология саласындағы көрсеткіштерді жақсарту бөлігінде рұқсат етілмеген қоқыс полигондары өңірлердің көркін бұзбауы керек. Осыған байланысты, Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі 36%-ға дейін, сондай-ақ экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес келетін қоқыс полигондарының үлесін үш есеге ұлғайту міндеттері айқындалды.

Демек, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің деректеріне сәйкес, республикада жыл сайын **4 миллион тоннадан астам** тұрмыстық қатты қалдықтар түзіледі, 2022 жылы оның **25%-ы** қайта өңделген.

Алайда, Экология министрлігі қызметінің тиімділігіне жүргізілген аудит нәтижелері бойынша, ағымдағы жылы Жоғары аудиторлық палата ресми статистиканың мемлекеттік кадастрда жинақталған мәліметтерге сәйкес келмейтінін, қалдықтардың түзілу көлемі **екі еседен астам** бұрмаланатынын атап өтті.

Йель университетінің жанындағы Экологиялық саясат және құқық орталығының зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Қазақстан өткен жылы қоқысты қайта өңдеу деңгейі бойынша **175-ші орынды иеленді**. Тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу ісінде біз дамыған елдерден ғана емес, Еуразиялық экономикалық одақ бойынша көршілес елдер мен Орталық Азия мемлекеттерінен де артта келеміз. Мысалы, Қырғызстан **106-шы орында**, ал Өзбекстан болса **30-шы орында**.

Бағдарламада айтылғандай, осы бағыттағы екінші проблема – тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарының жағдайы. 2022 жылы елімізде тіркелген тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарының жалпы саны **3019 бірлікті құрайды**, оның ішінде экологиялық және санитариялық талаптарға сәйкес келетін **небәрі 21% ғана**, бұған елдегі **5000-нан асатын** бей-берекет, стихиялық қоқыс үйінділері кірмейді.

Сонымен қатар, осындай полигондардың экологиялық талаптарға сәйкес келмеуі қоршаған ортаға зиянын тигізуде. Жыл сайын атмосфераға көмірқышқыл газы мен метан көп мөлшерде шығарылады, сондай-ақ топыраққа да, бәлкім жерасты суларына да зиян келуі мүмкін.

Еліміздің аудандары мен ауылдық елді мекендерінде халықты қалдықтарды жинаумен және әкетумен қамтамасыз етуде проблема бар екенін де айта кету керек.

Осыған байланысты, жергілікті атқарушы органдардың рөлін және олардың белсенділік таныту қажеттігін атап өту қажет. Өйткені әкімдіктер қалдықтарды көму көлемін азайтуды ынталандыру бойынша іс-шаралар ұйымдастыруға тиіс.

Бұл ретте, Мемлекеттік кірістер комитетінің деректеріне сәйкес, **2019-2022 жылдар аралығында** қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін жергілікті бюджетке салық түсімдері шамамен **395 миллиард теңгені** құрағанын, ал осы кезеңде «Жасыл Даму» акционерлік қоғамы өндірушілердің кеңейтілген жауапкершілігі жүйесіне **683 миллиард теңге** түскенін атап өткен жөн.

Экология министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымы «Жасыл Даму» акционерлік қоғамы утилизациялық алымнан (утильсбор) ақшалай қаражатты шамамен 1,5 жыл бойы жинағанымен, елдегі қалдықтарды жинау мен өңдеуді ынталандыруға тиіс болған «EcoQoldau» ақпараттық жүйесі әлі күнге дейін жұмыс істемейді. Бұл механизмді жеделдетіп іске асыру өндірушілердің кеңейтілген жауапкершілігі саласындағы қордаланған проблемаларды ішінара шешуге мүмкіндік берер еді.

**Осыған байланысты, Роман Васильевич, Сізден бірқатар мәселелерге назар аударуыңызды сұраймын. Атап айтқанда:**

1) EcoQoldau цифрлық платформасы арқылы қайталама шикізатты жинау мен өңдеуді субсидиялауға қатысты өндірушілердің кеңейтілген жауапкершілігі операторының («Жасыл Даму» АҚ) жұмысы қайта басталсын.

2) Экологиялық, санитариялық және құрылыс нормаларын ескеретін тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын салудың бірыңғай қағидалары әзірленсін.

3) Жергілікті атқарушы органдарға жаңа тұрмыстық қатты қалдықтар полигонын салуға және бұрыннан бар полигондардың жағдайын талапқа сәйкес келтіруге қаражат бөлініп, инвестициялар тартылсын.

4) Тұрмыстық қатты қалдықтар көлемі мен полигондар санының деректерін жинау мен өңдеудің бірыңғай және дұрыс есебі әзірленсін.

5) Электр энергиясы мен биогумус (биологиялық шірінді) алу, кәдеге жарату үшін тұрмыстық қатты қалдықтардан биогаз алу саласындағы жобаларды іске асыру жөніндегі жұмыстар қолға алынсын.

**Құрметпен,  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,  
«AMANAT» партиясы Фракциясының мүшелері**

**С. Нұртаза  
Д. Исабеков**

**«RESPUBLICA» партиясы Фракциясының мүшесі**

**Н. Тау**

**Қазақстан Халық партиясы Фракциясының мүшесі**

**И. Смирнова**

*Орынд. Д. Рахымбаев  
Тел. 74-63-51*